


Сабак тақырыбы: Қазақстан аумағын монголдардың жауап алуды		Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Ахмедиева М.Қ
Сабактың мақсаты		<ul style="list-style-type: none"> Отырады қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау.
Жетістік критерийлері		<ul style="list-style-type: none"> Отырап қаласы ортағасырларық кезеңде маңызды қала екенін түсінеді. Отырап қаласының орналасқан жерін карта арқылы анықтайды. Отыраплықтардың ерлігін бағалайды.
Тілдік міндеттер	<p>Пәндік лексика мен терминология: Мемлекет, хан, сұлтан, уәзір, империя, жасақ</p> <p>Диалог пен жазуға пайдалы сөздер тізбегі: Монгол империясы құрылудың алғышарттары... Аталған мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы/көрші елдермен саясаты.... Менің ойымша Отырап қаласының күйреуі..... Отыраплықтардың қаланды қорғаудағы ерлігі.....</p>	
Алдыңғы білім	Қазақстан жерінде монгол экспансиясына дейін түркі тілдес тайпалардың этносаяси бірлестігі қалыптасқанын және олардың әлеуметтік – экономикалық, саяси, мәдени жағдайын біледі.	
Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дерек көздері
Сабактың басы	<p>Үйімдастыру кезеңі.</p> <p>1) Үй тапсырмасын тексеру. Интерактивті тақтаға бірнеше кілттік сөздер шығады. Окушылар сол кілттік сөздерді қолдана отырып, қысқаша шолу жасайды.</p>  <p>2) Атты әскер. Монголдардың әскери жетістіктеріне тоқтала отырып, атты әскер түрлеріне тоқталу.</p>  <p>3) Стоп-кадр стратегиясы. Бұл стратегия бойынша окушылар суретке қарай отырып, Сіз нені көріп тұрсыз? сіз нені естіп тұрсыз? сіз нені ііскей аласыз? сіз қандай нәтиже шығара аласыз? Деген сұрақтарға жауап береді.</p> 	<p>Шыңғысханның, монголдар шапқыншылығы суреттері</p> <p>Отырап қаласының суреттері</p>

	<p>4) Тақырыпты болжау. Бастапқы стимул тудыратын материал ретінде Отырар қаласының екі суретін ұсыныныз. Одан кейін Отырар қаласының қазіргі кейіп бейнеленген бүтінгі құнғі суреттерін көрсетіңіз. Осы екі түрлі суреттердің өзара байланысы қандай? қандай ұқсастықтарын/айырмашылықтарын көріп отырсыздар? неліктен қазіргі құні қала тым өзгерді? бұған қандай жағдайлар себепші болуы мүмкін.</p> <p>5) Сабықтың тақырыбына шығу. Оқу мақсаты мен жетістік критерилерін жариялау.</p> <p>6) Картамен жұмыс. Интерактивті тақта арқылы картаны қолдана отырып, Отырар қаласы ең маңызды қала екені түсіндіріледі. Және оқушылар толықтырып отырады. Содан кейін карта арқылы Шыңғысханның Ертіс өзенінен бастап, Жетісу арқылы Отырға жеткені туралы көрсетіледі. (Картада сзыллады.)</p> <p>7) Мәтінмен жұмыс. Оқушылар «Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігі» атты мәтінді оқиды, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Отырар» апаты дегенді қалай түсінесің?..... 2. Не себепті Қайырхан саудагерлерді өлтіруге бұйрық берді?..... 3. Бұл оқиға (Отырар апаты) болашақта не нәрсеге түрткі болды?..... 4. Шыңғысхан Отырарды жаулап алуды кімдерге тапсырды?..... 5. Қайырхан әскері Отырар қаласын қанша уақыт монголдардан қоргады?..... 6. Отырарлықтардың ерліктерін қалай бағалай аласыңдар?..... <p>8) Тарихи тұлғаларды сәйкестендіру. Қайырхан, Щыңғысхан, Қараджа деген тұлғаларды мағынасы бойыншасәйкестендіреді.</p> <p>9) Синквеин әдісі. Тақырып бойынша бес жолды өлең құрастырады.</p>	<p>Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. ауд. Н. Базылхан; ғыл. ред. М. Қ. Әбусейітова. Р. Б.</p> <p>Сүлейменов атын. шығыстану ин-ты: 1-том.: Монголдың құпия шежіресі.- Алматы, Дайк-пресс, 2006.</p> <p>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%82%D1%8B%D1%80%D0%B0%D1%80</p> <p>Сұлтанов Т. Шыңғыс хан және оның ұрпактары. – А: Мектеп, 2007.</p>
Сабактың соңы	<p>Рефлексия: Бүгінгі сабакты түсінгені немесе түсінбегені бойынша оқушыларға бес бармақ әдісі бойынша сұрақтар таратылады.</p> <p>Үй тапсырмасы. Хабарлама дайындау (дәптерге жазу) «Әл-Фарабидің Отырардағы өмірі»</p>	<p>Рефлексияға таратпа материалдар</p>

Қосымша ақпарат		
Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеттіжогары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау. Оқушылардың білімін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-ны қолдану Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)
Талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын қадагалаймын. Дәйекті дәлелдерге ғана негізделген қорытындыға жетудің мағынасының мәні, сыйыптағы қабілеті төмен оқушы дәлелдерге негізделе отырып кем дегенде өзін ойын білдіре алады, ал қабілеті жоғары оқушы тәуелсіз, негізгі жауап береді.		
Рефлексия Сабак мақсаты/оқу мақсаты қаншалықты жүзеге асты? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Дифференциациялап оқыту өз мәнінде жүзеге асты ма? Өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?		

